

Пайдаланушы нұсқаулығы
Xiaomi 27" Mi Desktop Monitor монитору




Мазмұны

Бұйымның сипаттамасы	2
Монитордың сипаттамасы	2
Жеткізілім жинақтамасы	2
Орнату	3
Тұғырықты орнату	3
Нұсқаулықтар	5
Қосу	5
Қосу және сөндіру	6
Индикатордың күйі.....	6
5 позициялық навигация батырмасын пайдалану туралы нұсқаулықтар	6
Мәзір сипаттамасы	7
Сақтық шаралары	9
Ақаулықтарды жою	10
Техникалық сипаттамалары	11
Салауатты көздер	12
Low Blue Light режимінің сипаттамасы	12

Бұйымның сипаттамасы

Пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — кейіннен ол қажет етілуі мүмкін.


Монитордың сипаттамасы



Жеткізілім жинақтамасы



Монитор



Тұғырық




Тірек



Пайдаланушы нұсқаулығы







HDMI кабелі





Қуат көзі адаптері

Орнату


Тұғырықты орнату




! Назар аударыңыз! Монитордың кездейсоқ құлап қаупін азайту үшін тіректің дұрыс күйде орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Ескертпе: тіректі бөлшектеу үшін қысқышты басыңыз.



5. Екі қолыңызбен толық жиналған мониторды абайлап алыңыз және оны тегіс, орнықты бетке орнатыңыз.

 Ескертпе: зақымдануларды болдырмау үшін, мониторды орнатқан кезде СК-экранды баспау үшін абай болыңыз.


Алға: 5°



Артқа: 21°




6. Көлбеу бұрышын өз қалауыңыз бойынша реттеңіз.


 Ескертпе: көлбеу бұрышын реттеген кезде тұғырықты бір қолыңызбен ұстап, мониторды екінші қолыңызбен еңкейтуді ұсынамыз. Әйтпесе, монитор құлап кетуі мүмкін.


Нұсқаулықтар

Қосу



- VGA кәбілін қосыңыз. VGA кәбілі тек VGA порты арқылы деректерді немесе сигналдарды жіберу үшін қолданылады.
 - a. Монитор мен компьютерді өшіріңіз.
 - b. VGA кәбілінің бір ұшын компьютердің VGA шығыс портына, ал екінші ұшын — монитордың VGA портына қосыңыз.
- HDMI кәбілін қосыңыз. HDMI кәбілі тек деректерді немесе сигналдарды HDMI порты арқылы жіберу үшін қолданылады.
 - a. Монитор мен компьютерді өшіріңіз.
 - b. HDMI кәбілінің бір ұшын компьютердің VHDMI шығыс портына, ал екінші ұшын — монитордың HDMI портына қосыңыз.
- Гарнитураны немесе 3,5 мм ажырандысымен үйлесімді кез-келген сыртқы аудио құрылғыны монитордың аудио портына қосыңыз.

 Ескертпе. Егер қуат көзі сымы немесе HDMI кәбілі зақымдалған болса, оны өндірушіден немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету бөлімінен сатып алынған түпнұсқа бұйыммен ауыстыру керек.



-  Ескертпе. Аудиопорт тек аудио сигналдарды шығару үшін қолданылады.
1. Қуат көзі порты (DC IN): Қуат көзі сымына арналған кіріс.
 2. HDMI 1.4 порты: максималды ажыратымдылық 1920 * 1080, жаңартудың максималды жиілігі 75 Гц.
 3. VGA порты: максималды ажыратымдылық 1920 * 1080, жаңартудың максималды жиілігі 60 Гц.
 4. Аудио порты: аудио сигналдардың шығуы

5 позициялық навигация батырмасы



Қосу және сөндіру

5 позициялық навигация батырмасының ортасын басыңыз.



Қосу

5 позициялық навигация батырмасының ортасын 3 секунд басып тұрыңыз.



Өшіру

Индикатордың күйі



Бәсеңдетілген жылтылдау

Өшір.



Үздіксіз жану






Қос.



Жыпылықтау

Ұйқы режимі


5 позициялық навигация батырмасын пайдалану туралы нұсқаулықтар

Операция	Нәтижесі		
	Мониторда мәзір көрсетілмесе	Мониторда жылдам қатынау мәзірі көрсетілмесе	Мониторда негізгі мәзір көрсетілсе
Оңға басыңыз 	Жылдам қатынау мәзірін шақыру	Негізгі мәзірді шақыру	Мәзір/таңдау тармақтары арасында ауысу
Жоғары басыңыз 	Жылдам қатынау мәзірін шақыру	Жылдам қатынау батырмасы 1	Жоғары қарай өту / масштабты ұлғайту
Жоғары басыңыз және 5 секунд ұстаңыз 	Баптаулар мәзірін өшіру	/	/
Төмен басыңыз 	Жылдам қатынау мәзірін шақыру	Жылдам қатынау батырмасы 2	Төмен қарай өту / масштабты кішірейту
Солға басыңыз 	Жылдам қатынау мәзірін шақыру	Жылдам қатынау мәзірін жабу	Артқа

Ескертпе. Баптаулар мәзірі өшірулі болғанда, оны жоғарыда аталған әрекеттерді орындай отырып ашуға болмайды. Мәзірді экранға шығару бұғатталғанын көрсететін хабарлама пайда болады. Мәзірді іске қосу және оның экранға шығу бұғатын ашу үшін кез-келген бағытта басыңыз және батырманы 5 секунд ұстап тұрыңыз.

Мәзір сипаттамасы

Жылдам қатынау батырмасының сипаттамасы



- Мәзір көрсетілмесе, 5 позициялық навигация батырмасын кез-келген бағытта: жоғары, төмен, солға немесе оңға қарай басу арқылы жылдам қатынау мәзірін шақыруға болады.
- Жылдам қатынау мәзірі көрсетілгеннен кейін, тиісті параметрлерді таңдау үшін 5 позициялық навигация батырмасын бір бағытта (жоғары, төмен, солға немесе оңға қарай) басыңыз.
- Жылдам қатынау батырмасы функциясын Негізгі Мәзір > Баптаулар > Жылдам қатынау батырмасы > Жылдам қатынау батырмасы 1 / Жылдам қатынау батырмасы 2 арқылы баптауға болады. Әдепкі бойынша, 1-батырма кіріс сигнал көзін, ал 2 — батырма зияткер режимді орнату үшін қолданылады.

Негізгі мәзір сипаттамасы

Mi Monitor		Стандартты режим
Жар./Керек.	Жарықтық	
Бейне	Кереғарлық	
Бейн.сапасы	DCR	
Зияткерлік режимдер	Қараның деңгейі	
Кіру		
Баптаулар		
Артқа Енгізу / Таңдау Жылжыту / Реттеу		

Негізгі мәзір	Ішкі мәзір	Сипаттамасы	Параметрі	Әдепкі бойынша
Жар./Керек.	Жарықтық	Жарықтықты баптау	0-100	80
	Кереғарлық	Кереғарлықты баптау	0-100	75
	DCR	Динамикалық кереғарлықты баптау	Қос./Өшір.	Өшір.
	Қараның деңгейі	Қара деңгейін баптау	0-100	50

Негізгі мәзір	Ішкі мәзір	Сипаттамасы	Параметрі	Өдепкі бойынша	
Бейне	Түс температурасы	Түс температурасын баптау	Стандартты / Жылы / Суық / Пайдаланушы	Стандартты	
	Реңк	Реңктерді баптау	0-100	50	
	Қанықтық	Қанықтылықты баптау	0-100	50	
	Гамма	Гамманы баптау	1.8/2.0/2.2/2.4/2.6	2.2	
	Жақтардың арақатынасы	Жақтардың арақатынасын баптау	Толық экран / Авто	Толық экран	
Бейн.сапасы	Жауап беру уақыты	Жауап беру уақытын баптау	Асқын шапшаң / Өте шапшаң / Шапшаң / Қалыпты	Қалыпты	
	Анықтық	Айқындықты баптау	0-100	50	
	Автоматты баптау	VGA сигнал көзін пайдалану кезінде бейнені автоматты түрде баптау	/	/	
Зияткер режим	Стандартты режим	Стандартты режимге көшу	Кез келген уақытта тек бір көрініс режимін таңдауға болады	Стандартты режим	
	Энергия үнемдеу режимі	Энергия үнемдеу режиміне көшу			
	Ойын режимі	Ойын режиміне көшу			
	Кино режимі	Кино режиміне көшу			
	Low Blue Light режимі	Low Blue Light режиміне көшу			
Кіру	HDMI	Кіріс сигнал көзін HDMI портына ауыстыру	/	/	
	VGA	Кіріс сигнал көзін VGA портына ауыстыру	/	/	
Баптаулар	Тілі		Мәзір тілін таңдау	English/Español/Русский/Français/Italiano/Deutsch/ Polski/한국어/عربي	орыс
	Ыстық перне	Ыстық перне 1	1 жылдам қатынау батырмасы үшін функцияны баптау	Түс температурасы / Зияткерлік режимдер / Көзі Кіріс сигналдың / Жарықтық / Кереғарлық	Кіріс сигналдың көзі
		Ыстық перне 2	2 жылдам қатынау батырмасы үшін функцияны баптау	Түс температурасы / Зияткерлік режимдері / Көзі Кіріс сигналдың/ Жарықтық / Кереғарлық	Зияткерлік режимдер
	Экранды баптау		Баптаулар мәзірі және байланысқан баптаулар	Таймер	10 с
	Дыбыс деңгейі		Дыбыс деңгейін баптау	0-100	50
	Ақпарат		Үлгісі нөмірі Ағымдағы ажыратымдылық Кіріс сигналдың көзі HDMI logo Low Blue Light Content	/	/
	Арылту		/	/	/

Сақтық шаралары

- Мониторды ванна бөлмесі, ас үй, жертөле сияқты немесе бассейн сияқты ылғалды немесе дымқыл бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Монитор орнықты бетте орналастырылуы тиіс. Құлау немесе аударылу салдарынан монитор біреуді зақымдауы немесе жарақаттауы мүмкін.
- Мониторды салқын, құрғақ және жақсы желдетілетін жерде сақтаңыз және қолданыңыз. Мониторды жылу көздерінің және тікелей күн сәулесінің әсерінен сақтаңыз.
- Монитордың артқы жағындағы жылуды шығаруға арналған саңылауларды бүркемеңіз немесе жаппаңыз. Мониторды төсекке, диванға, көрпеге және т. б. қоймаңыз.
- Монитордың жұмыс кернеуінің диапазоны монитордың артқы жағындағы жапсырмада көрсетілген. Егер қуат көзінің кернеуі қандай екеніне сенімді болмасаңыз, құрылғының дистрибьюторына немесе жергілікті энергетикалық компанияға хабарласыңыз.
- Егер сіз ұзақ уақыт бойы мониторды қолдануды жоспарламасаңыз, кернеу секірісінен немесе найзағай түсу салдарынан болуы мүмкін зақым келтірмеу үшін оны электр розеткасынан ажыратыңыз.
- Электр розеткаларын шамадан тыс жүктемеңіз, себебі бұл өртке немесе электр тогы соғуына әкелуі мүмкін.
- Мониторға бөгде заттарды салмаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталу салдарынан өртке немесе электр тогы соғуына әкелуі мүмкін.
- Мониторды өзіңіз бөлшектеуге немесе жөндеуге әрекеттенбеңіз. Егер монитор дұрыс жұмыс істемесе, көмек алу үшін сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.
- Қуат көзі сымын тарту үшін шамадан тыс күш салмаңыз, оны бұрамаңыз немесе майыстырмаңыз.
- Экранға қорғаныс үлдірі емес, поляризациялық үлдір бекітілген. Оны жұлып тастамаңыз. Пайдаланушының әрекеттерінен туындаған зақым кепілдіктің жойылуына әкеледі.

Ақаулықтарды жою

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімдер
Қосылмайды	Электр қуаты өшірілген	<ul style="list-style-type: none"> Қуат көзі сымының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
Қараңғы бейне	Жарықтық немесе кереғарлық дұрыс бапталмаған	<ul style="list-style-type: none"> Жарықтық пен кереғарлықты баптаңыз.
Бейне бұлдырлайды, немесе кедергілер бар	Кедергілер	<ul style="list-style-type: none"> Мониторды электрлік кедергілер тудыруы мүмкін электрондық құрылғылардың жанына орналастырмаңыз.
Индикатор жыпылықтайды, экранда бейне жоқ	Сигнал жоқ, ұйқы режиміне көшу	<ul style="list-style-type: none"> Компьютерді қосыңыз. Компьютердің бейне картасы дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. VGA немесе HDMI кәбілінің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
Монитор ағымдағы ажыратымдылыққа қолдау көрсетілмейтінін көрсетеді	Қате ажыратымдылық	<ul style="list-style-type: none"> Ұсынылған ажыратымдылық баптауларын қолданыңыз.
Мәзірді шақыруды өшіріңіз, мониторда мәзірдің экранға шығуы бұғатталған деген хабарлама пайда болады	Баптаулар мәзірі өшірулі	<ul style="list-style-type: none"> 5 позициялық навигация батырмасын кез-келген бағытта басыңыз және 5 секунд ұстап тұрыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	RMMNT27NF
Қуат көзі кірісі	12 В=2 А
Номиналды қуаты*	24 Вт (макс.)
Экран диагоналі	27 дюйм
Кескіннің нақты өлшемі (диагональ бойынша)	685,98 мм
Пиксель қадамы	0,3114 × 0,3144 мм
Жарықтық	300 кд/м ² (тип.)
Кереғарлық	1000:1 (тип.)
Динамикалық кереғарлық	1000000:1
Түс гаммасы	16,7 М
Жақтардың арақатынасы	16:9
Жауап беру уақыты	6 мс (GTG)
Максималды ажыратымдылық	1920 × 1080
Ұсынылатын ажыратымдылық	1920 × 1080
Жаңартудың максималды жиілігі	75 Hz
Жаңартудың ұсынылған жиілігі	60 Hz
Бұйымның өлшемі	613,2 × 205,3 × 476,00 мм (Ұ x Е x Б)
Таза салмағы	4,3 kg
Жұмыс температурасы	0°C-тен 40 ° C дейін
Жұмыс ылғалдылығы	20% - 80% салыстырмалы ылғалдылық
Сақтау температурасы	20°C-тан 60°C дейін
Сақтау кезіндегі ылғалдылық	20% - 80% салыстырмалы ылғалдылық

* Қуат көзі адаптерінің қуаты ескерілмейді.

Қытайда жасалған

Дайындалған күні: орамасынан қараңыз.



The Adopted Trademarks HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries

Салауатты көздер

Компьютерді ұзақ уақыт пайдалану салдарынан көздің шаршауын, сондай-ақ мойын, қол, шынтақ және иықтың ауырсынуын болдырмау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Көз бен монитор арасында шамамен 50-70 см. қашықтықты сақтаңыз.
- Мониторды пайдалану кезінде шаршауды жеңілдету үшін көздеріңізді жиі жыпылықтатыңыз.
- Мониторды пайдаланған әрбір екі сағат сайын көздеріңізге 20 минут демалуға мүмкіндік беріңіз.
- Монитордан көзіңізді бұрып, кем дегенде 20 секунд белгілі бір қашықтықта орналасқан басқа заттарды қараңыз.
- Мойын, қол, арқа және иықтың құрысуын жеңілдету үшін керіліңіз.

Low Blue Light режимінің сипаттамасы

Соңғы жылдары көк жарықтың көру қабілетіне теріс әсер ету мәселесіне көбірек назар аударылуда. Әдетте көк жарықтың толқын ұзындығы 400-480 нм, ал ол 415-455 нм ұзындықта зиян келтіруі мүмкін. Бұл монитор көк жарықтың зиянды әсерін төмендететін функциямен жабдықталған. Баптаулар мәзірінде төмен көк жарық режимін (Low Blue Light) қосуға болады.

Бұйым туралы ақпарат алу үшін төмендегі QR кодын сканерлеңіз.

